БЕКІТЕМІН
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры
А.Ошибаева
«02» 02 2026 ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің

«HIKMET» журналының

РЕДАКЦИЯЛЫҚ САЯСАТЫ

Журнал туралы

«Hikmet» журналы 2024 жылғы маусым айында өз қызметін бастады. Журналдың құрылтайшысы әрі баспагері – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Журналда жарияланған мақалалар **CrossRef** дерекқорында тіркеледі және әрбір мақалаға электрондық ғылыми басылымдарға сілтеме жасау, оларды сәйкестендіру және дәйектеу мақсатында **DOI (Digital Object Identifier)** тағайындалады.

Журналдың редакциялық алқасының құрамына Қазақстанның және шетелдердің жетекші ғалымдары кіреді.

Журналда жарияланған барлық материалдар **Creative Commons Attribution–NonCommercial–NoDerivatives 4.0 International (CC BY-NC-ND 4.0)** лицензиясы негізінде ашық қолжетімді түрде таратылады. Материалдарды авторын және дереккөзді көрсету шартымен коммерциялық емес мақсатта пайдалануға рұқсат етіледі, алайда оларды өзгертуге немесе қайта өңдеуге жол берілмейді. Мақалалар журналдың ресми сайтында қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерінде толық мәтінді форматта жарияланады.

Журналдың мақсаты

Журналда философия, мәдениеттану, дінтану және исламтану салаларындағы өзекті ғылыми мәселелерді зерттеу, алынған нәтижелерді жариялау, сондай-ақ ғылыми-тәжірибелік пікір алмасуға арналған академиялық алаң қалыптастыру.

Журналдың міндеттері

- философия, мәдениеттану, дінтану және исламтану салаларындағы өзекті мәселелер мен үрдістер туралы сарапшы мамандарды және ғылыми қауымдастықты ақпараттандыру;
- аталған ғылым салаларындағы іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялауға жәрдемдесу;
- философия, мәдениеттану, дінтану және исламтану бағытында еңбек ететін қазақстандық және шетелдік ғалымдар арасындағы ғылыми ынтымақтастық пен өзара ықпалдастықты кеңейту;

- жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын қолдау, олардың ғылыми ізденістерінің нәтижелерін жариялауға мүмкіндік жасау.

Тақырыптық бағыттары

Журналдың тақырыптық бағыттары философия, мәдениеттану, дінтану және исламтану мәселелерін қамтиды, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі ғалымдардың ғылыми еңбектеріне арналған шолу мақалаларды жариялауға бағытталған.

Журнал нөмірлерінің жалпы тақырыптары ғылыми басылымның негізгі бағыттары шеңберінде редакциялық алқа мен ғылыми редакторлардың келісімімен айқындалады.

Журналды шығару мерзімділігі

Журнал электрондық және қағаз нұсқада жылына 4 рет (тоқсанына бір рет) жарық көреді:

- бірінші нөмір – ағымдағы жылдың 30 наурызына дейін;
- екінші нөмір – ағымдағы жылдың 30 маусымына дейін;
- үшінші нөмір – ағымдағы жылдың 30 қыркүйегіне дейін;
- төртінші нөмір – ағымдағы жылдың 30 желтоқсанына дейін.

Журналда мақала жариялау ақысыз түрде жүзеге асырылады.

Құрылтайшы: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Шығу жиілігі: 1 жылда 4 рет.

МББ тілі: қазақша, ағылшынша, орысша, түрікше.

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс және жақын шетел.

Журнал 2024 жылдың қазан айынан бастап Париж қаласындағы ISSN орталығында тіркелген. ISSN 3007-858X (Print), ISSN 3007-8598 (Online).

Журналдың редакциялық саясаты

Қолжазбаны жариялау шарттары

«Hikmet» журналы нөмірлерінің шығуының мынадай белгіленген мерзімдерінде желілік (электрондық) және қағаз форматта жылына 4 рет кезеңділікпен шығарылады: бірінші нөмір ағымдағы жылғы 30 наурызға дейін, екінші нөмір – 30 маусымға дейін; үшінші нөмір – 30 қыркүйекке дейін және төртінші нөмір – 30 желтоқсанға дейін шығарылады.

«Hikmet» журналына жариялау үшін журналының тақырыптық бағыттарына сәйкес келетін және қолжазбаны ресімдеу талаптары бойынша қатаң ресімделген, автор (авторлар) бұрын жарияланбаған қазақ, орыс, ағылшын немесе түрік тілдеріндегі мақалалар қабылданады.

Ғылыми мақаланың қолжазбасын автор редакциялық алқаға хат-хабар үшін (қолжазбаның авторлық ұжымы қатарынан 2 және одан да көп тең авторлары болған жағдайда айқындалған) журналдың келесі нөмірі шыққанға дейін кемінде екі ай бұрын ұсынады. Журналда жариялауға көлемі 5000 сөзден кем емес және 7000 сөзден аспайтын қолжазбалар (аңдатпа, әдебиеттер тізімі, ескертулерді қоса есептегенде) қабылданады.

Автор қолжазбаны хат-хабарларға арналған электрондық платформа арқылы, барлық әдісі қолданылған мақала мен оның авторларын көрсете отырып жүктеуге тиіс.

Бір автордың мақаласы (жеке немесе тең авторлықпен дайындалған) журналда күнтізбелік жыл ішінде бір реттен артық жариялануы мүмкін.

Авторлар бұрын басқа басылымдарда (баспа, электронды және басқа да ашық көздерде) жарияланбаған түпнұсқа жұмысты редакцияға ұсынуы керек. Авторлар зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, жаңалығы, дәлелі үшін жауап береді. Қолжазбаны «Hikmet» журналының редколлегиясының келісімімен жарияланғаннан кейін авторлар бұл қолжазбаны басқа басылымда жариялауға қарастырмауға міндеттенеді.

Қолжазбамен жұмыс істеу кезеңінде редакция, хат – хабар авторы мен рецензенттер арасындағы байланыс OJS электрондық (онлайн) платформасы арқылы, ал ерекше жағдайларда - электрондық пошта арқылы жүзеге асырылады.

Журналдың редакциялық алқасы автордан / авторлардан келіп түскен қолжазбаларды қарайды, оларды рецензиялауды ұйымдастырады және қолжазба электронды платформа арқылы келіп түскен күннен бастап екі ай ішінде жариялау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көшіру және плагиат

Редакциялық алқа «Hikmet» журналының сайтына келіп түскен қолжазбаның ресми талаптарға сәйкестігін қарау кезінде (қолжазбаны ресімдеу) қолжазбадағы мәтінді плагиатқа https://www.strikeplagiarism.com) тексеру жүйесі арқылы тексереді, оған университет жазылымымен немесе ұлттық жазылым негізінде қол жеткізіледі.

Антиплагиат жүйесі арқылы тексеру нәтижелері бойынша түпнұсқалығы 75% - дан асатын түпнұсқа қолжазбалар одан әрі рецензиялау үшін жіберіледі. Егер қолжазба журналда қойылатын рәсімдеу талаптарына сәйкес келмесе және плагиатқа тексеру нәтижелері бойынша түпнұсқа жұмыс болып табылмаса, қолжазба тиісті өзгерістер енгізу және қолжазбаны журналдың электрондық платформасы арқылы редакциялық алқаның қарауына қайта жіберу үшін хат-хабар түрінде авторға қайтарылады.

Егер авторлар қолжазбаны жазу кезінде жұмысты, мақаланы, ережені немесе дәйексөзді және басқа зерттеушілердің пікірлерін қолданса, онда олар осы ғалымдардың еңбектеріне сілтеме жасай отырып, дәйексөз мәтінін дұрыс құрастыруы керек. Плагиат үшін ғылыми мақалаларды тексеруді журналдың жауапты хатшысы «Ахмет Ясауи университетінде жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру Ережесіне» (УЕ-ХҚТУ-100-2019) сәйкес жүргізеді.

Егер «Hikmet» журналында жарияланған мақалада ғылыми этика қағидаларын, стандарттары мен нормаларын бұзудың дәлелденетін фактісі (фактілері) анықталса, редакция алқасы осы мақаланы ол жарияланған нөмірден және журналдың ресми веб-сайтынан алуға (мақаланың ретракциясын жүзеге асыруға), автордың(-лардың) ғылыми этика қағидаттарын, стандарттары мен нормаларын нақты бұзушылықтарын міндетті түрде көрсете отырып, алып қоюға міндеттенеді.

Ғылыми этика қағидаларын, стандарттары мен нормаларын бұзудың дәлелденетін фактісі анықталған мақаланың авторы(-лары) «Hikmet» және Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ ғалымының этикалық кодексінің қағидаларын, стандарттары мен нормаларын бұзу фактісі(-лері) анықталған күннен бастап келесі күнтізбелік 3 жыл ішінде мақалала беруі мүмкіндігі шектеледі.

Рецензиялау барысы

Журнал редакциясына келіп түскен ресімдеу талаптарына және түпнұсқалық көрсеткішіне сәйкес келетін қолжазбалар плагиатқа тексеру жүйесі арқылы тексеру негізінде одан әрі рецензиялау үшін міндетті түрде жіберіледі.

Егер қолжазбаның авторында (авторларында) басқа ғалымдармен мүдделер қақтығысы болған жағдайда, ол(-лар) аталған қолжазбаны аталған ғалымға(рецензентке) жібермеу және қолжазбаны объективті емес бағалау үшін ілеспе хатта осындай мүдделер қайшылығының бар-жоғын көрсетуге міндетті.

Редакторлар қолжазбаларды қарау үшін келесі жүйені пайдаланады:

1-деңгей – «Hikmet» журналының талаптарына сәйкес мақалалардың дұрыс емес немесе толық емес пішімделуі анықталуы мүмкін, бұл қолжазбаны қайта қарауды талап етеді, бұл туралы авторға/авторларға хабарланады;

2-деңгей – «Strikeplagiarism» жүйесі арқылы қолжазба мәтінінде алынған мәтіннің бар-жоғын тексеру. Қолжазбаны қабылдау үшін мәтіннің түпнұсқалығы кемінде 75% болуы керек;

3-деңгей – рецензияланатын қолжазба тақырыбы бойынша ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар және ғылыми мамандығы бар кемінде екі ғалым жүргізетін қолжазбаларға «қос соқыр» шолу. Шолу құпия түрде жүргізіледі: мақаланың қолжазбасы рецензенттерге индикаторлар туралы электронды платформа арқылы жіберіледі. Рецензенттер қолжазбаның негізгі ғылыми критерийлерге сәйкестігіне, оның сапасы мен маңыздылығына нақты, объективті және дәлелді баға беруі қажет. Әрбір шолушы өз бетінше шешім қабылдайды.

Қарау мерзімі қолжазбаны алған күннен бастап 30 күн.

Рецензенттерден қорытындылар алғаннан кейін жауапты редактор оларды авторға рецензенттердің деректерін көрсетпей хат-хабар үшін, ескертулерге жауап беру, тиісті өзгерістер енгізу үшін қолжазбаны электрондық платформа арқылы қайта жіберу үшін рецензентке қолжазбаны жібереді.

Автор(-лар) ескертулерге жауаптардан, қолжазбаға өзгерістер енгізуден және оны «Hikmet» журналының редакциясына қайта жіберуден түсіндірместен бас тарта алады. Барлық ескертулерге жауап бергеннен, рецензенттердің ескертулерін жою үшін қолжазбаға өзгерістер енгізгеннен және оны журнал редакциясына қайта жібергеннен кейін ғылыми редактор барлық материалдарды рецензентке(-терге) қайта рецензиялау үшін жібереді.

Екі рецензент пен жауапты редактордың оң қорытындысы бар қолжазба жариялауға қабылдау кезегіне қойылады, редакциялық алқа мақұлдаған қолжазбалар журналдың шығуын қалыптастыру үшін жауапты хатшыға беріледі.

Егер рецензенттердің бірі қолжазба бойынша оң, ал екіншісі – теріс қорытынды берген жағдайда, қолжазбаны ғылыми редактор үшінші рецензентке немесе қолжазба тақырыбы бойынша маман болып табылатын редколлегия мүшесіне жібереді. Үшінші рецензент немесе редакциялық алқа мүшесі оң қорытынды берген жағдайда қолжазба жариялануын қабылдау / қабылдамау туралы шешімді «Hikmet» журналының ғылыми редакторы қабылдайды.

Екі теріс пікір болған жағдайда қолжазба журналда жариялануан бас тартылады.

Редакциялық алқа рецензиялау нәтижелері бойынша қабылдамаған мақалалар материалдарын редакциялық алқа өз мақсатында пайдаланбайды. Редактор немесе жауапты хатшы хат-хабар үшін авторға жариялаудан бас тарту туралы хабарлайды және рецензенттердің қорытындыларын жібереді. Қолжазбаларға Рецензиялар үш жыл бойы журналдың электронды платформасында электронды форматта сақталады.

Рецензиялау мерзімін мақалаға жауапты редактор тағайындайды және рецензенттердің қолжазбаны қарау мерзімі материалды рецензенттерге жіберген күннен бастап екі айдан аспайды.

Мұрағаттау және қолжетімділік саясаты

«Hikmet» журналы, ресми сайтында журналдың мазмұнына ашық қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл әлемдік ғылыми қауымдастық ауқымында журналға кеңірек ақпараттық қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ журналдың веб-сайтында авторлар мен оқырмандар үшін журналдың қызметі туралы қажетті ақпарат ұсынылған: мақалаға қойылатын талаптар, қолжазбаларды ресімдеу және журналға ұсыну ережелері, журналды қалыптастыру және қолжазбаларды рецензиялау тәртібі, жарияланым этикасы, редакциялық алқа туралы мәліметтер, ғылыми редактор мен жауапты хатшының байланыс деректері.

Оқырмандар мен авторлар журналдың ағымдағы шығарылымының электрондық нұсқаларымен және өткен кезеңдердегі мұрағаттармен таныса алады. Журналдың электронды түрдегі барлық жарияланымдары Creative Commons Attribution лицензиясы талаптарында тегін және шектеусіз таратылады.

Авторлық құқық және лицензиялау

«Hikmet» журналы, автордың ғылыми жұмысқа құқығын сақтайды және журналға шығарумен қатар алғашқы жариялау құқығын береді, оны Creative Commons Attribution License лицензиясы бойынша лицензиялайды.

Қолжазбаның авторлығы: қолжазбаны жасауға, ойды қалыптастыруға, мақала жазуға, нәтижелерді түсіндіруге тікелей қатысқан және ғылыми нәтижелерді алуға елеулі үлес қосқан зерттеушілерге тиесілі.

Creative Commons Attribution License лицензиясының шарттары бойынша авторлар өз қолжазбаларына құқықтарын сақтайды, бұл ретте барлығына осы жұмыстың авторлығын міндетті түрде белгілей отырып және осы журналдағы бірегей жарияланымға сілтеме жасай отырып, оларды еркін жүктеуге, қайта пайдалануға, қайта басуға, өзгертуге, таратуға немесе көшіруге рұқсат береді. Журналға сілтеме жасалған кезде осы әрекеттердің барлығына авторлардан немесе баспагерлерден рұқсат талап етілмейді.

Авторлар өз мақалаларын басқа дереккөздерде (мысалы, институционалдық мұрағатта, әлеуметтік желілерде және т.б.) оның осы журналдағы түпнұсқалық жарияланымына міндетті түрде сілтеме жасай отырып тарату құқығын сақтайды.

Құпиялық шарттары

Авторлар туралы ақпараттық деректер олардың есімдері, аффилиациясы, байланыс мәліметтері, атқаратын лауазымы мен академиялық дәрежесі туралы мәліметтер, сондай-ақ халықаралық дерекқорлардағы авторлар бейіндерінің

сәйкестендіргіштеріне сілтемелер "Авторларға арналған ақпарат" деген бөлімдегі мақалада орналастырылады.

«Hikmet» журналының редакциялық алқасының мүшелері, тағайындалған рецензенттерден басқа үшінші тұлғаларға жарияланғанға дейін қарау үшін қабылданған қолжазба туралы ақпаратты ашпайды. Сондай-ақ редакция алқасы авторларға және басқа тұлғаларға рецензенттер туралы мәліметтерді ашпайды.

Жариялау этикасы

«Hikmet» журналы ғылыми мақалаларды қабылдау, рецензиялау және жариялау барысында академиялық адалдық, ғылыми жауапкершілік, әділдік, ашықтық және объективтілік қағидаттарын басшылыққа алады.

Журналдың редакциялық саясаты халықаралық ғылыми қауымдастықта мойындалған **COPE (Committee on Publication Ethics)** этикалық стандарттары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленген.

Жариялау үдерісіне қатысатын барлық тараптар — авторлар, рецензенттер және редакция алқасы — осы этика саясатының нормаларын қатаң сақтауға міндетті.

1. **Этикалық саясаттың негізгі қағидаттары**

«Hikmet» журналы:

- ғылым саласындағы теориялық және қолданбалы маңызы бар, ғылыми жаңалығы анық көрінетін зерттеулерді жариялауды мақсат етеді;
- ғылыми пікір алуандығын құрметтей отырып, академиялық адалдықты негізгі құндылық ретінде таниды;
- жариялау процесінде авторлардың ұлтына, жынысына, діни сеніміне, азаматтығына, лауазымына немесе саяси көзқарасына байланысты кемсітушілікке жол бермейді;
- этикалық нормалардың сақталуын жариялау процесінің барлық кезеңінде қамтамасыз етеді.

2. **Авторлардың этикалық жауапкершілігі**

«Hikmet» журналына мақала ұсыну арқылы авторлар келесі міндеттемелерді қабылдайды:

- ұсынылған ғылыми мақала түпнұсқа, бұрын жарияланбаған және басқа басылымдарда бір мезгілде қаралып жатпаған болуы тиіс;
- зерттеу нәтижелері нақты, шынайы және дәлелді деректерге негізделуі қажет;
- мақалада пайдаланылған барлық дереккөздерге ғылыми стандарттарға сай библиографиялық сілтемелер берілуі тиіс;
- авторлар құрамына тек зерттеуге елеулі ғылыми үлес қосқан тұлғалар енгізіледі;
- қаржылық, институционалдық немесе жеке сипаттағы мүдделер қақтығысы болған жағдайда, бұл туралы ашық түрде хабарлануы тиіс;
- мақала жарияланғаннан кейін маңызды ғылыми қателер анықталған жағдайда, автор редакцияны дер кезінде хабардар етуге және түзету енгізуге міндетті.

3. **Рецензиялау этикасы**

«Hikmet» журналында барлық ғылыми мақалалар **екі жақты жасырын рецензиялау (double-blind peer review)** қағидаты бойынша қаралады.

Рецензенттер:

- мақаланы объективті, әділ және ғылыми дәлелдерге сүйене отырып бағалауға;
- рецензиялау барысында алынған материалдардың құпиялылығын сақтауға;
- мүдделер қақтығысы болған жағдайда немесе тақырып өз құзыретіне жатпаған кезде рецензия беруден бас тартуға;
- ескертулер мен ұсыныстарды ғылыми этика талаптарын сақтай отырып, сыпайы түрде ұсынуға міндетті.

4. **Редакция алқасының этикалық міндеттері**

«Hikmet» журналының редакция алқасы:

- мақалаларды қабылдау немесе қабылдамау туралы шешімді тек олардың ғылыми сапасы, өзектілігі және жаңалығы негізінде қабылдайды;
- авторлар мен рецензенттердің құпиялылығын толық қамтамасыз етеді;
- рецензиялау процесінің әділдігі мен ашықтығын сақтайды;
- плагиат, деректерді бұрмалау немесе басқа да этикалық бұзушылықтар анықталған жағдайда тиісті шаралар қолданады;
- даулы жағдайларды қарау барысында COPE ұсынымдарын басшылыққа алады.

5. **Плагиат және ғылыми адалдықты бұзу**

«Hikmet» журналы мақалаларды жариялауға дейін плагиатты анықтауға арналған бағдарламалық тексеру жүйелерін қолданады.

Этика нормаларын өрескел бұзу деп төмендегі әрекеттер танылады:

- плагиат және автоплагиат;
- ғылыми деректерді қолдан жасау немесе әдейі бұрмалау;
- бір ғылыми жұмысты бірнеше басылымда жариялау;
- жалған немесе негізсіз авторлық.

Мұндай жағдайлар анықталған кезде:

- мақала жариялаудан бас тартылады;
- жарияланған мақала кері қайтарылады (Retraction);
- авторға қатысты редакциялық шектеулер қолданылуы мүмкін.

6. **Құпиялылық және дербес деректерді қорғау**

- Авторлар мен рецензенттердің жеке деректері қолданыстағы заңнамаға сәйкес қорғалады;
- Рецензиялау барысында алынған барлық ақпарат қатаң құпия болып табылады;
- Бұл деректер үшінші тұлғаларға берілмейді және жарияланбайды.

7. **Мақалаларды кері қайтарып алу саясаты**

«Hikmet» журналы келесі жағдайларда мақаланы кері қайтарып алу құқығын өзіне қалдырады:

- елеулі ғылыми немесе әдіснамалық қателер анықталған кезде;
- плагиат немесе өзге де этикалық бұзушылықтар дәлелденген жағдайда;
- жалған немесе сенімсіз деректер пайдаланылғаны анықталса.

Кері қайтарылған мақалалар туралы ақпарат журналдың ресми сайтында ашық түрде жарияланады.

8. **Этика бұзушылықтарын қарау тәртібі**

- Этикаға қатысты барлық шағымдар «Hikmet» журналының редакция алқасында әділ, бейтарап және жан-жақты қаралады;
- Қажет болған жағдайда тәуелсіз сарапшылар тартылады;
- Қабылданған шешімдер ресми түрде рәсімделіп, мүдделі тараптарға хабарланады.

Жасанды интеллектті қолдану этикасы

1. Авторлық, жауапкершілік және ашықтық

Жасанды интеллект (ЖИ) автор немесе бірлескен автор ретінде танылмайды, себебі ол ғылыми мазмұн үшін құқықтық және этикалық жауапкершілік көтере алмайды. Толығымен немесе елеулі бөліктері жасанды интеллект арқылы генерацияланған мәтіндер ғылыми жарияланым ретінде қабылданбайды. ЖИ құралдарын пайдалану рұқсат етіледі, алайда олардың қай кезеңде, қандай мақсатта және қалай қолданылғаны мақалада ашық көрсетілуі тиіс (әдетте «Әдістер» бөлімінде). ЖИ көмегімен жасалған кез келген мазмұн үшін толық жауапкершілік авторға жүктеледі.

2. Жасанды интеллект арқылы жасалған визуалды материалдар

Барлық жасанды интеллект құралдары генеративті бола бермейді. Қолданыстағы суреттерді немесе кескіндерді өңдеу, біріктіру немесе жақсарту үшін генеративті емес ЖИ құралдары пайдаланылған жағдайда, бұл факт тиісті сурет астындағы жазбада нақты көрсетілуі тиіс.

Егер мақалада жасанды интеллект арқылы генерацияланған кескіндер қолданылса, олардың қалай және қандай мақсатта жасалғаны сипатталып, міндетті түрде «Жасанды интеллект арқылы жасалған» деген белгімен рәсімделуі қажет.

Мақалаға қойылатын талаптар

Журналда материалдарды жариялау Open Journal System, онлайн жіберу және рецензиялау жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Жүйеге тіркелу немесе кіру «Материалдарды жіберу» бөлімінде қол жетімді.

Корреспонденция авторы журналға жариялау үшін ілеспе хат ұсынуға міндетті.

Мақаланың техникалық безендірілуі

Мақаланың қолжазбасында келесі ақпарат берілуі қажет:

- Мақаланың ҒТАХР (МРНТИ);
- Авторлар туралы ақпарат – аты-жөні, ORCID iD нөмірі, аффиляциясы (жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, қала, мемлекет), e-mail;
- Мақаланың атауы;
- Мақаланың аңдатпасы;
- Кілт сөздер;
- Мақаланың негізгі мәтіні;
- Мақаланың соңында ескертулер (қажет болса);
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі;
- «References» латындандырылған әдебиеттер тізімі.

Мақала құрылымы (мақаланы рәсімдеу үшін ҰЛГІ-ні қолданыңыз):

Ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторы (ҒТАХР) – ғылыми-техникалық ақпараттың халықаралық рубрикаторынаналынған мәліметтер, оның шеңберінде зерттеу жүргізілген ғылыми білімнің саласын көрсетеді. Оң жақтың жоғарғы бұрышында орналасады.

Келесі жолда авторлар туралы мәліметтер беріледі:

Жаңа жол ортасында авторлардың аты-жөні (толық), үлкен әріптермен, шрифті қалың қаріппен. Егер бірнеше автор болса, негізгі авторды көрсете отырып, мәліметтері көрсетіледі (негізгі автордың аты-жөні бірінші тұрады). Жол үсті таңбалармен ([1]), ([2]) аффиляция белгіленеді (жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, қала, мемлекет). Барлық авторлардың электронды поштасы жазылады, ал автор-корреспонденттің аты-жөнінен соң жұлдызша (*) белгісі қойылады. Мысалы: ДОСАЙ КЕНЖЕТАЕВ[1] [ID], НҰРЖАН ОМАРОВ[2*] [ID], ҚАЛЖАН БИНАЗАРОВ[3] [ID]. Кей авторлар бір мекемеден болғанымен ғылыми дәрежелері әр түрлі болса, әр авторға бөлек [(1)] жоғарғы белгісі қойылады.

Бір жаңа жол тастап, реттік нөміріне қарай аффиляция бойынша (жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, қала, мемлекет, электрондық адрестері) толық мәлімет беріледі. Әр жол үсті таңбасының ([1]) мәліметтері жаңа жолдан жазылады.

Автордың жанына оның ID профиль белгісіне сілтеме болатын ORCID ID нөмірі қойылуы керек (Мысалды қараңыз).

Аңдатпа – мақаланың мазмұнын, қойылған мәселені және зерттеудің мақсатын ашады, маңызды фактілерді, автордың негізгі дәлелдері мен ұстанымын, сондай-ақ зерттеудің нәтижелерін көрсетеді. **Аңдатпаның ұсынылатын көлемі** 150-200 сөз.

Кілт сөздер – бұл мақалада ең маңызды болып табылатын және зерттеу тақырыбы мен саласын мүмкіндігінше дәл сипаттайтын сөздер. Олар мақаланың мазмұнын ашатын негізгі ұғымдар, мәселелер, географиялық терминдер және басқа аспектілерді қамтиды. Кілт сөздер ретінде жалғыз сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға болады**. Ұсынылған кілт сөздер саны** 5-10.

ҒТАХР, авторлар туралы мәліметтер, мақала атауы, аңдатпа, кілт сөздер қазақ, ағылшын, орыс және түрік тілдерінде беріледі.

Мақаланың негізгі мәтіні төмендегідей:

1. Кіріспе (зерттеу мәселесінің өзектілігі);
2. Зерттеу әдістері (зерттеу жұмысының мақсатына жету әдістері);
3. Талқылау (осы тақырыппен зерттеулер жүргізген ғалымдар еңбектеріне шолу);
4. Нәтижелер (мақаланың негізгі бөлігі);
5. Қорытынды;
6. Алғыс (егер мақала ғылыми қордың қаржылық қолдауымен орындалса);

Дереккөздерге сілтеме жасау үшін мәтінде дөңгелек жақша пайдаланылады, онда: егер монография болса – автордың тегі, шыққан жылы және қос нүкте арқылы пайдаланылған беттің нөмірі келтіріледі (Кенжетаев, 2021: 84), егер архивтік құжаттар болса – архивтің қысқаша атауы, істің нөмірі және қос нүкте арқылы дереккөз парағы келтіріледі (ҚР ОМА, 26:4).

Библиографиялық тізім мақаланың соңында **«Пайдаланылған әдебиеттер тізімі»** бөлімінде алфавиттік ретпен келтіріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі бөлімінде мақаланы жазу кезінде пайдаланылған әдебиет APA (American Psychology Association) https://apastyle.apa.org/ талабы бойынша рәсімделеді.

Әдебиеттер алфавиттік ретпен келтірілуі керек және кемінде 15 сілтемеден тұруы қажет, соңғы бірнеше жыл ішінде белгілі зерттеушілер жариялаған зерттеу тақырыбындағы өзекті еңбектерді қамтуы шарт (ағылшын тіліндегі дереккөздерді қосуды ұмытпаңыз). Архивтердің атаулары бірінші рет берілсе жақша ішінде қабылданған қысқартуды көрсете отырып, толық жазылады, ал одан әрі қысқартып көрсетуге болады: Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА).

«References» – ағылшын тіліндегі библиографиялық ақпарат, пайдаланылған әдебиеттер тізімінің транслитерациясы. Бұл бөлімде латын тілінде жазылмаған, барлық әдебиеттер латын алфавитінің көмегімен транслитерация жасалған пайдаланылған жұмыстардың тізімі беріледі (http://www.translit.ru). Содан кейін тік жақша ішінде сілтеме берілген еңбектің аты ағылшын тілінде аударылып жазылады, ал соңында дөңгелек жақша ішінде деректің түрнұсқада жазылған тілі көрсетіледі (In Kazakh / In Russian). Кітаптан дәйексөз келтірілген жағдайда баспаның атауы (егер бұл мекеменің атауы болса) және басылған орны ағылшын тіліне аударылады, ал қалған барлық жағдайларда – транслитерацияланады.

Графиктер, суреттер мен фотолар мәтінде бірінші рет айтылғаннан кейін, жақшада сілтеме жасалып, қойылады. Бір мақалада жалпы 5 иллюстрацияға дейін рұқсат етіледі. Суреттердің атауы астыңғы жағына «Сурет 1, 2, 3…» деп реттік нөмірімен жазылады. Әрбір кестенің үстінде «Кесте 1, 2, 3…» деп реттік нөмірімен атауы көрсетіледі. Мәтінде кездесетін жалғыз сурет немесе кесте нөмірленбейді.

Техникалық талаптары:

Мәтін Word редакторында теріледі, Times New Roman шрифті, өлшемі – 12, интервалы бір.

Шеттері: үстіңгі және астыңғы жағы – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1 см.

Абзацтың бірінші жолының шегінісі – 1 см.

Беттер нөмірленуі керек.

Мақаланың көлемі: аңдатпа, әдебиеттер тізімі, ескертулерді қоса есептегенде *5000-7000* сөз аралығы.

Талаптарға сай безендірілмеген мақалалар қолжазбасы жариялауға жіберілмейді.

Үлгі:
ҒТАХР 02.15

ДОСАЙ КЕНЖЕТАЕВ [1] [ID], НҰРЖАН ОМАРОВ [2*] [ID]

[1]Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, теология және философия ғылымдары докторы, профессор (Түркістан, Қазақстан), e-mail: dosaykz@mail.ru

*[2]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы, PhD, қауымдастырылған профессор (Алматы, Қазақстан), *e-mail: batyrzhantemirkhanov@gmail.com*

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИДІҢ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІ

Аңдатпа. Мәтін, мәтін, мәтін ……
Кілт сөздер: мәтін, мәтін, мәтін ……
Мақала ҚР ҒЖБМ № АР…… жобасын іске асыру аясында орындалды
Авторлар туралы ақпарат, мақала атауы, аңдатпа, кілт сөздер төрт тілде (қазақ, ағылшын, орыс және түрік).
Мақаланың негізгі мәтіні: Мәтін / Text / Текст / Metin
Кіріспе. Мәтін / Text / Текст / Metin
Зерттеу әдістері. Мәтін / Text / Текст / Metin
Талқылаулар. Мәтін / Text / Текст / Metin
Нәтижелер. Мәтін / Text / Текст / Metin
Қорытынды. Мәтін / Text / Текст / Metin
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі
Анарбаев, А., & Қарақұлов, Е. (2018). *Ислам ғылымхалы (ханафи мәзһабы бойынша).* Алматы: Көкжиек баспасы, – Б. 704.
Sakhı, Z., & Selçuk, H. (2022). Güney Kazakistan sosyal hayatında türbeler ve türbelerde yapılan ziyaretler. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 103, – S. 205–225.
Suleimenov, P., & Nurgaliev, K. (2019). Socio-political views of Abu Nasr al-Farabi. *Journal of Philosophy, Culture and Political Science*, 68(2), – P. 75–81.
Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚР ОМА). 698-қ., 1-т., 41-іс, 3-п.